

## **Жекешелендірілген кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакеттерінің бір бөлігін қор биржасында сату туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Ы 1995 жылғы 21 тамыз N 1154

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруды жеделдету, жаңа инвестициялық ортаны қалыптастыру және қор рыногын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесіп, 1-қосымшаға сәйкес Орталық Азия қор биржасында бағаланатын акциялар тізіміне /листинг/ акционерлік қоғамдарға айналған кәсіпорындардың акцияларын қосу үшін олардың құжаттарын белгіленген талаптарға сәйкес бір ай мерзімде әзірлесін.

Аталған кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігі бірінші кезеңде 10 процент мөлшерінде сатуға жатады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Мемлекеттік кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы облыстардың әкімдерімен бірлесіп, 2-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдарға айналған кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакеттерінің бір бөлігін қор биржасында сатудың тәртібі мен мерзімі туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және жою жөніндегі ведомствоаралық комиссиясына ұдайы ұсынып отырсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031\_

3. Мемлекеттік акциялар пакеттерін қор рыногында сатудан түскен қаржы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіндегі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруде түскен түсімдердің арнайы есепшотына жіберіледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы: Орталық Азия қор биржасында мемлекеттік пакет акцияларын жөніндегі операцияларға қадағалау жасасын;

республикадағы бағалы қағаздар рыногының жай-күйі туралы ақпаратты бір мезгілде бере отырып, тоқсан сайын мемлекеттік пакетке енген акцияларды сату

жөнінде эксперименттің қортындыланған нәтижелерінен туындайтын ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп, капиталдың әлемдік рыногында мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сату арқылы шетел капиталын тарту мүмкіндігі туралы ұсыныстарды екі ай мерзімде пысықтап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 21 тамыздағы  
N 1154 қаулысына  
1-қосымша

Жарғылық қордың 10 проценті мөлшеріндегі акцияларының  
мемлекеттік пакеті Орта Азиялық қор биржасында  
сатылуға жататын акционерлік қоғам болып  
қайта құрылған кәсіпорындардың  
Т І З Б Е С І

Акция пакеттерін бөлу, %						
N	Кәсіпорын атауы	Облыс	еңбек	Купонға	мемлекет.	Бөлінген
ұжымының сатылған.  тің үлесі  акция.						
үлесі   дары   лардың						
үлесі						
1	"Ритхимнефть" Атырау		30	19	31	20
	АҚ					
2	"Жезқазған. түстімет" АҚ	Жезқаз.	20	-	80	-
	ған					
	АҚ					

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.05.23.

№ 637 қаулысымен.

P960637\_

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 21 тамыздағы  
№ 1154 қаулысына  
2-қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеті 1995 жылы Орта Азиялық  
қор биржасында сатылуға жататын акционерлік қоғам  
болып қайта құрылған кәсіпорындардың  
Т І З Б Е С І

Шығыс Қазақстан облысы

"Лениногор полиметалл комбинаты" АҚ  
"Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ  
"Өскемен цемент зауыты" АҚ

Жамбыл облысы

"Шығыс кенбасқармасы" АҚ  
"Батыс кенбасқармасы" АҚ

Жезқазған облысы

"Қазақмарганец" АҚ  
"Ақшатау кен-байыту комбинаты" АҚ  
"Сарыарқаполиметалл" АҚ

Қарағанды облысы

"Қарағандыцемент" АҚ  
"Асбоцемизделий" АҚ

Қостанай облысы

"Лисаков кен-байыту комбинаты" АҚ  
"Соколов жерасты руднигі" АҚ

Павлодар облысы

"Бошакөл кен-байыту комбинаты" АҚ  
Семей облысы

<\*>

"Жезкент кен-байыту комбинаты" АҚ

Ескерту. Тізбеден "Цемент" АҚ сөздері алынып тасталған - ҚРМК-нің  
1995.11.09. N 1497 қаулысымен.

P951497\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК